

Тәжірибелік сабақ №8.

Тақырыбы: XVII ғасыр әдебиеті. Жиёмбет жырау,

Мақсаты: XVII ғасырдағы жыраулар поэзиясына тән негізгі ерекшеліктерді аңғарту. Жорық жырауларына тән негізгі қасиеттерді ашу. Жиёмбеттің қазақ әдебиеті тарихындағы орнын белгілеу. Оны толғауларынан дәлелдеу. Ақын-жыраулар шығармаларының тарихи әдеби және тәрбиелік мәнін ұғындыру; көркем шығармалардан үзінділер жаттау арқылы мәтінге талдау жасауға үйрету және сөздік қорын байыту, тіл мәдениетін қалыптастыру.

Тапсырма: XVII ғасырдағы қазақ хандығындағы тарихи-әлеуметтік жағдай. Есім мен Жәңгір ханның ішкі және сыртқы саясаты. Есім ханның бір орталыққа бағынатын мемлекет құру саясаты. Есім хан мен Қатаған ұлысы мен Ташкенттің ханы Тұрсын Мұхамед Сұлтан арасындағы қайшылықтың себептері. «Есім ханның ескі жолы» деп аталатын заңдар жүйесі. Сыртқы жау ойрат шапқыншыларына қарсы Есім мен Жәңгірдің қазақ жерін азат ету соғысы. Жәңгір ханның әскери істегі реформаларының мәні. Осы дәуірде өмір сүрген Жиёмбет пен Марғасқа жыраулардың толғауларында Есім хан заманының кемел оқиғаларының көрініс табуы.

Тапсырманы орындауға арналған әдістемелік нұсқау: Бортағашұлы Жиёмбет жыраудың Алшын руының көшкен әскери аристократиясынан шыққандығы. Алшын руынан Самарқанд қаласының әкімі болған атақты Жалаңтөс баһадүрдің шығуы. (Ол Самарқанд шаһарындағы Регистанда орналасқан Жері – Дор медресесі мен Тіллә – қари мешіттерін салғызған). Халық аңыздарының және шәкірттерінің айтуынша, Жиёмбеттің арғы атасы – Ноғайлыдан шыққан атақты Алау батыр; Алау – XVI ғасырдың алғашқы жартысында жасаған, тарихқа белгілі адам екендігі.

Тәжірибелік сабақтың тақырыбымен танысып алған соң, қажетті әдебиеттерді іріктеп алу қажет. Бір сұрақтың айналасында айтылған түрлі авторлардың пікірлеріне іштей салыстырулар жасап, түйінді жерлерін қағаз бетіне түсіру керек. Осы мәселе төңірегінде өз ойыңыз қандай, соны дәйектеніз. Бұдан соң белгілі бір тұжырымды дәлелдеу үшін өзіңіз оқыған көркем туындылардан, сын мақалалардан мысалдар келтіріңіз. Келесі семинарларда алдыңғы өткен сабақтарда дайындаған материалдарыңызды, алған біліміңізді дұрыс пайдалана біліп, жаңа тақырыппен байланыстырып отырыңыз.

Пысықтау сұрақтары:

1. XVII ғасырдағы тарихи-әлеуметтік жағдай және әдебиет.
2. Жиёмбет толғауларының мәні.
3. Өмірі, шығармаларының зерттелуі.
4. Жиёмбет-әрі батыр, әрі жырау.
5. Есім ханға айтқаны.
6. Ерлікті жырлаған жырау поэтикасы.
7. Есім ханға арналған өлеңдерін жатқа айт

Есеп беру түрі: ауызша, толғауларын талдау, жатқа айту